

«Ата Заң – Тәуелсіздік тірегі» көрмесі

Ата Заң – кез келген зайырлы мемлекеттің басты тірегі. Ата Заңымыздың арқасында тәуелсіз қазақ елін әлемге паш еттік. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланысымен билер соты және қазақ құқығы «Жарғы» жүйесі кеңінен зерттеле бастады. Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетіміз демократиялық құқықтық мемлекет ретінде әр қырынан танылуда. Қазақ халқының ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан әдет – ғұрыптары, салт-дәстүрлері, рәсімдері құқықтық заң, бұлжымайтын ереже ретінде өмірлік қолданысқа айналды.



Биыл Қазақстан Тәуелсіздігіне – 25 жыл. Ол ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы.

30 тамыз - Конституция күніне орай С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың ақпараттық қызмет көрсету орталығында «Ата заң – Тәуелсіздік тірегі» атты кітап көрмесі безендірілген, ал абонемент бөлімінде «Ты независим, но к прошлому причастен!» библиографиялық шолу, балалар бөлімінде «Конституция туралы сабақ» саяси сабақ сағаты оқырмандар назарына ұсынылады.

Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз.

Бақытжан Букашева,
С. Торайғыров атындағы облыстық
кітапхананың қызметкері